

Бекітемін
Ілияс Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің
Басқарма Төрағасы –Ректор м.у.а.



Б.Таубаев

2024 ж.

Құқық және экономика жоғары мектебі

Кешенді емтихан

БАҒДАРЛАМАСЫ

- Келесі пәндер бойынша
1. Азаматтық құқық (жалпы бөлім)
 2. Азаматтық құқық (ерекше бөлім)
 3. Азаматтық іс жүргізу құқығы

6B04201 – Құқықтану БББ бойынша студенттерге арналған
(күндізгі ТЖКБ негізінде)

2023-2024 оқу жылы

Талдықорған, 2023 ж.

Құқық және экономика жоғары мектебінің жоғары мектебінің кеңесінде қаралды
/ аталуы/

Хаттама № 6 « 16 » 09 2024 ж.

БББ жетекшісі  Д.Бекежанов
/аты-жөні/

Келісілді:

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер
жөніндегі проректор

 Б.Таубаев
/колы, аты-жөні/

Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры

 Г.Кыдырбаева
/колы, аты-жөні/

Жоғары мектеп деканы

 Т.Жумагулов
/колы, аты-жөні/

Университетінің Ғылыми кеңесінде бекітілген

« 16 » 02 2024 ж. № 7 хаттама

Түсіндірме хат

6B04201 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау базалық және бейіндік пәндер бойынша жүргізіледі. Қорытынды кешенді емтиханға дайындық сұрақтары 3 негізгі блоктан тұрады:

1 блок – «Азаматтық құқық (жалпы бөлім)» (30 сұрақ);

«азаматтық құқық (жалпы бөлім)» пәні заң жоғары оқу орындарында оқытылатын міндетті оқу пәндерінің бірі болып табылады. Оның басқа оқу пәндерінің негізін қалайтын орнын анықтауда қазіргі қоғамдағы азаматтық заңнаманың маңызы себепші болады. Азаматтық заңнама нарықтық экономиканың берік негіздерін қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Сондықтан біліктілігі жоғары заңгерді даярлаудың жалпы жүйесінде Қазақстан Республикасының азаматтық құқығын зерделеудің маңызы ерекше.

Азаматтық құқық ұлттық құқық жүйесінде қазақтандық жеке құқықтың түбегейлі негіздерін айқындап қана қоймай, кәсіпкерлік қызметті іске асыру нәтижесінде, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді және т.б. айналымын азаматтық-құқықтық реттеу нәтижесінде қалыптасатын кең көлемдегі мүліктік және жеке мүліктік емес қоғамдық қатынастарды реттейтін жеке құқықтың «конституциясы» болып табылады. Азаматтық құқық пәнінің жеткілікті деңгейдегі кең ауқымы бұл құқық саласының басқа да түрлі отбасы, еңбек, әкімшілік, кәсіпкерлік құқық сияқты құқық салаларымен өзара қарым-қатынасын алдын ала айқындайды. Бұл көрсетілген құқық салаларының пәнінің де, құқықтық реттеу әдісінің де ұқсастығымен түсіндіріледі. Жеке және жария құқықты ажырату мен олардың байланысы әрдайым қарапайым мәселе болған емес. Азаматтық құқық нормаларының диспозитивтігі туралы қанша айтсақ та, жеке құқық саласында заң шығарушы реттейтін қатынастардың қатысушыларының бастамашылығы мен дербестігін шектей келе, жалпыға міндетті, императивті ережелерді, соның ішінде тыйым салуларды қолдануға жиі мәжбүр болады.

Пәннің мақсаты: студенттердің жалпы кәсіби дайындығын күшейту, сонымен қатар студенттерде азаматтық құқық мәселелері бойынша жүйелі және кешенді білімдерді қалыптастыру есебінен олардың мамандануын тереңдету.

2 блок – «Азаматтық құқық (ерекше бөлім)» (30 сұрақ);

Азаматтық құқық кез келген дамыған құқықтық жүйенің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Азаматтық құқық мүліктік қатынастарды реттейді, яғни меншікке байланысты туындайтын – тауардың экономикалық нысаны бар материалдық және басқа игіліктер; және меншік иелерінің жеке басымен тығыз байланысты мүліктік емес (материалдық емес) игіліктерден туындайтын жеке мүліктік емес қатынастар.

Пән азаматтық-құқықтық шарттардың жекелеген түрлерін, шарттан тыс міндеттемелерді, соның ішінде конкурстық міндеттемелерді, зияткерлік меншік құқықтарын, мұрагерлік құқықты зерттеуге арналған. Қорытындыда халықаралық жеке құқықтың кейбір ережелері қарастырылады.

«Азаматтық құқық (ерекше бөлім)» пәні ең маңызды пәндердің бірі – жалпы азаматтық құқықты зерттеудің жалғасы болып табылады. Ерекше бөлімде Жалпы бөлімде қарастырылған сұрақтар өзінің әрі қарай логикалық дамуын алады.

Оқу материалы белгіленген реттілікпен өзара байланысты бөлімдерден тұрады. Азаматтық құқықтың ерекше бөлімі төрт бөлімнен тұрады: Міндеттемелердің жекелеген түрлері; Зияткерлік меншік құқығы; Мұрагерлік құқық; Халықаралық жеке құқық.

«Азаматтық құқық» термині Рим құқығында пайда болған, онда «азаматтық құқық» (*ius civile*) деп аталатын, рим азаматтарының жеке құқығын білдіретін құқық пайда болды.

Цивилистикалық ғылымда жалпы ғылыми және жеке ғылыми зерттеу әдістері де қолданылады (жүйелік тәсіл, кешенді талдау, салыстырмалы құқық әдісі, нақты социологиялық зерттеу әдістері, формальды - логикалық түсіндіру және т.б.).

Азаматтық құқық ғылымы басқа да бірқатар заң ғылымдарымен тығыз байланысты. Ең алдымен азаматтық құқық мемлекет және құқық теориясы бойынша бірқатар

категорияларға сүйенеді. Одан әрі азаматтық құқық жария құқық саласын зерттейтін заң ғылымдарымен – конституциялық (мемлекеттік), әкімшілік және қаржылық, жер, сондай-ақ азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымдарымен өзара байланысты. Сонымен қатар, азаматтық құқық ғылымы философия, саясаттану, әлеуметтану және тарихты қоса алғанда, басқа әлеуметтік ғылымдардың тұжырымдарына сүйенеді. Азаматтық құқықтың өзара тығыз байланысы экономикалық ғылымдармен жүзеге асырылады, өйткені оның пәні қоғамның экономикалық негізін құқықтық реттеумен байланысты. Сондықтан азаматтық құқық экономикалық теориямен байланысты.

Пәннің мақсаты: «Азаматтық құқық (ерекше бөлім)» оқытылатын пәннің сипаттамасы және оның осы сала мамандарын даярлаудағы орны арқылы айқындалады.

3 блок – «Азаматтық іс жүргізу құқығы» (30 сұрақ);

«Азаматтық іс жүргізу құқығы» оқу пәні ретінде жоғары заң оқу орындарының бейіндік оқу пәндерінің бірі болып табылады және құқықтық білімнің негізгі саласына жатқызылады. Бұл оқу курсы соттарда азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін және азаматтардың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің бұзылған немесе дауланған құқықтарын, бостандықтарын және заңдық мүдделерін қорғау мен қалпына келтіру тәртібін, сондай-ақ азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымына тән құқықтық санаттарды, ғылыми көзқарастарды және тұжырымдарды реттейтін құқықтық нормаларды оқып-үйренуге бағытталған. Азаматтық іс жүргізу құқығы пәнін оқып-үйренуде негізгі орын азаматтар мен ұйымдардың субъективтік құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғаудың соттық нысанына беріледі. Сонымен қатар болашақ соттарды, прокурорларды, адвокаттарды, заң кеңесшілерін, нотариустарды кәсіби дайындаудың қажетті шарты болып табылатын субъективтік құқықтар мен заңмен қорғалатын мүдделерді қорғаудың соттық емес нысаны туралы, сондай-ақ соттық және соттық емес қорғау нысандары және құқықтарын, бостандығы мен заңмен қорғалатын мүдделерін қалпына келтірудің өзара қатынасы туралы студенттер мағлұмат алады. Курстың көптеген сұрақтарына жақсы түсінік берудің негізі ретінде құқықтың жалпы теориясының ережелерін білу қажет, олар: құқықтың және құқық саласының ұғымы, құқықтың мәні мен қағидаларының ұғымы, құқықы жүйелері, құқық нормаларын іске асыру, құқық қатынастары мен олардың туындау негіздері.

Пәннің мақсаты азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының негізгі теоретикалық ережелері туралы, азаматтар мен ұйымдардың субъективтік құқықтары мен заңдық мүдделерін қорғаудың тетігі туралы, азаматтық іс жүргізу заңнамасының құрылымы мен құрамы және оны қолданудың сот тәжірибесі туралы студенттердің білімдерінің тұрақты жүйесі болып табылады.

1 БЛОК. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ (ЖАЛПЫ БӨЛІМ)

1. Азаматтық құқықтың ұғымы

Азаматтық құқықтың ұғымы, пәні және азаматтық-құқықтық реттеудің әдісі. Азаматтық құқықтың басқа құқық салаларынан айырмашылығы. Азаматтық құқықтың қағидалары. Азаматтық құқықтың жүйесі.

2. Азаматтық құқықтың қайнар көздері

Азаматтық заңнама, азаматтық құқық нормалары мазмұндалған өзге де нормативтік - құқықтық актілердің түсінігі. Азаматтық заңнама жүйесі. ҚР Конституциясы азаматтық құқықтың негізі ретінде. Іскерлік айналым дағдыларының азаматтық-құқықтық маңызы.

3. Құқық салалары жүйесіндегі азаматтық құқық

Азаматтық құқық және азаматтық заңнама. Азаматтық заңнаманың уақытқа қарай қолданылуы. Азаматтық құқық жүйесіндегі әдет-ғұрып, іскерлік айналым әдет-ғұрыптары, халықаралық ұсынымдық актілер. Шет мемлекеттердің азаматтық құқығының негізгі белгілері.

4. Азаматтық құқықтық - қатынастар

Азаматтық құқықтық - қатынастардың түсінігі және ерекшеліктері. Азаматтық-құқықтық қатынастардың элементтері: субъектілері, мазмұны және объектілері. Субъективтік азаматтық құқықтар және субъективтік азаматтық міндеттердің түсінігі. Азаматтық құқықтық - қатынастардың түрлері.

5. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру

Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру түсінігі. Азаматтық құқықтарды жүзеге асырудың шектері. Субъективтік құқықты теріс пайдалануға жол бермеу. Азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдері. Мүліктік қатынастардың жалпы сипаттамасы. Мүліктік емес қатынастардың жалпы сипаттамасы. Азаматтық құқықтың нарықтық экономика қатынастарындағы рөлі. Азаматтық заңнама бойынша кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың негізгі тетіктері.

6. Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін азаматтық заңнама

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің азаматтық заңнама жүйесіндегі орны. Халықаралық шарттар және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы. Азаматтық заңнаманың уақытқа қарай, кеңістікке қарай және тұлғалар бойынша қолданылуы. Азаматтық заңдардың түсінілуі. Азаматтық құқық жүйесіндегі әдет-ғұрып, іскерлік айналым әдет-ғұрыптары, халықаралық ұсынымдық актілер.

7. Азаматтар азаматтық құқық субъектілері ретінде.

Азаматтық құқықтағы жеке тұлғалар түсінігі. «Азаматтар» және «жеке тұлғалар» ұғымдарының арақатынасы. Қазақстан Республикасының азаматтары. Басқа мемлекеттердің азаматтары. Азаматтығы жоқ адамдар.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқық қабілеттілігі. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің мазмұны. Құқық қабілеттілігін шектеу.

Азаматтардың әрекет қабілеттілігі. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің мазмұны. Азаматты әрекетке қабілетсіз деп тану. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігі. Кәмелетке толмаған адамды толық әрекетке қабілетті деп тану (эмансипация). Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың (жас балалардың) әрекет қабілеттілігі. Әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі адамдардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібі.

Азаматтың тұрғылықты жері және занды мекенжайы.

Қамқоршылық, қорғаншылық. Әрекет қабілеттілігі жоқ адамдарға қорғаншылықтың белгіленуі. Тұрғылықты жері және оның құқықтық маңызы. Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану немесе өлді деп жариялау тәртібі және құқықтық салдары. Өлді деп жарияланған адамның тірі оралуынан туындайтын жағдайлар.

8. Занды тұлға. Занды тұлғаның құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі.

Занды тұлғалардың түсінігі және ерекшеліктері. Азаматтық айналымдағы заңды тұлғалардың рөлі. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі. Заңды тұлғалардың құқықтық жағдайы. Экономикалық айналымдағы заңды тұлғаларды дараландыру құралдары.

Заңды тұлғалардың құрылуы. Заңды тұлғаларды құрудың нормативтік, рұқсат етуші және өкімдік әдістері. Құрылтай құжаттар. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі.

9. Заңды тұлғалардың түрлері. Заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері.

Коммерциялық және коммерциялық емес заңды тұлғалар, олардың ерекшеліктері. Коммерциялық заңды тұлғалардың түрлері, шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың, өндірістік кооперативтердің, мемлекеттік кәсіпорындардың құқықтық сипаттамасы. Коммерциялық емес заңды тұлғалардың құқықтық режимі.

Заңды тұлғаның органдары. Заңды тұлғаның орналасқан жері. Заңды тұлғаның филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері.

10. Заңды тұлғаны қайта құру.

Заңды тұлғаларды қайта құру тәртібі. Заңды тұлғаны қайта құру: біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу.

Тарату және қайта құру заңды тұлғаларды тарату тәсілі ретінде. Заңды тұлғаларды таратудың негіздері мен тәртібі. Заңды тұлғалардың банкроттығы. Заңды тұлғаларды қайта құру түрлері мен нысандары.

11. Мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық бөліністер азаматтық құқық субъектілері ретінде.

Мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөліністердің азаматтық құқық субъектілері ретіндегі ерекшеліктері. Мемлекеттің азаматтық айналымға қатысу нысандары.

12. Азаматтық құқық объектілерінің түсінігі және түрлері.

Азаматтық құқық объектілерінің түсінігі және түрлері. Азаматтық құқық объектілерінің айналым қабілеттілігі. Жеке мүліктік емес құқықтар және оларды қорғау. Ар-намыс, қадір-қасиет және іскерлік беделді қорғауды жүзеге асыру ерекшеліктері.

Заттар азаматтық құқық объектілері ретінде. Заттардың азаматтық құқық объектілері ретіндегі жіктелуі. Жылжымалы және жылжымайтын мүлік. Азаматтық айналымнан алынып тасталған және алып тасталмаған мүлік. Бөлінетін және бөлінбейтін мүлік. Азаматтық құқық объектісі ретіндегі басты және керек – жарақ мүліктер. Қызмет көрсету және басқа да әрекеттер азаматтық құқықтың объектілері ретінде. Шығармашылық қызмет нәтижелері азаматтық құқықтың объектілері ретінде. Ақша, шетел валютасы азаматтық құқықтың объектілері ретінде. Ақпарат азаматтық құқықтың объектісі ретінде. Бағалы қағаздар, түсінігі, түрлік сипаттамалары. Құжатсыз бағалы қағаздар. Акциялардың, облигациялардың және басқа да бағалы қағаздардың құқықтық сипаттамасы.

13. Азаматтық құқықтағы мәміле институты. Мәміленің жарамдылық шарттары. Жарамсыз мәмілелер.

Азаматтық құқықтағы мәмілелердің түсінігі және түрлері. Біржақты мәмілелер. Екіжақты және көпжақты мәмілелер (шарттар). Шарт түсінігі.

Ауызша, конклюденттік, жазбаша мәмілелер. Мәмілелерді тіркеу.

Мәмілеге қатысушыларға қойылатын талаптарды сақтаудың маңыздылығы, мәміленің нысаны, мәміленің мазмұны және ерік білдіру.

Мәмілені жарамсыз деп тану негіздері. Мәмілені немесе оның бір бөлігін жарамсыз деп танудың құқықтық салдары. Мәмілелерді жарамсыз деп тану үшін талап қою мерзімі. Биржалық мәмілелердің ерекшеліктері.

14. Өкілдік. Сенімхат.

Өкілдік туралы жалпы ережелер. Өкілдіктің пайда болу негіздері және түрлері. Сенімхат.

15. Мерзімдер. Талап қою мерзімінің өтуі.

Азаматтық құқықтағы мерзімдердің түсінігі және түрлері. Талап қою мерзімінің өтуі.

16. Заттық құқықтар. Меншік құқығының және өзге де заттық құқықтардың пайда болуы және тоқтатылуы.

Заттық құқық азаматтық құқықтың бір саласы ретінде. Заттық құқықтың түсінігі және мазмұны. Заттық және міндеттемелік құқықтардың салыстырмалы сипаттамасы. Заттық құқықтың жіктелуі. Заттық құқықты иелену.

17. Меншік туралы түсінік.

Меншік экономикалық категория ретінде. Меншік құқығының түсінігі және мазмұны. Меншік құқығының шексіздігі. Меншік иесінің өкілеттіктері. Иелену, пайдалану, билік ету өкілеттіктерінің түсінігі мен белгілері. Мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығы. Сервитуттар.

Меншік құқығының пайда болуының негізгі тәсілдері. Мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі. Жемістер мен кірістерге меншік құқығы.

Шарт бойынша сатып алушыда меншік құқығының пайда болуы.

Меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды тоқтату. Меншік құқығын тоқтату негіздері. Мүлікті ұлттандыру, реквизициялау, тәркілеу, олардың құқықтық ерекшеліктері. Меншік құқығын мәжбүрлеп тоқтатудың басқа тәсілдері.

18. Жеке меншік, мемлекеттік және коммуналдық меншік құқығы

Жеке меншік түсінігі және түрлері. Мемлекеттік және коммуналдық меншік құқығы. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша меншік нысандары. Жеке меншік. Мемлекеттік меншік.

19. Ортақ меншік

Ортақ меншіктің түсінігі, түрлері және пайда болу негіздері. Ортақ үлестік меншік құқығы. Ортақ бірлескен меншік құқығы.

20. Өзге де заттық құқықтар.

Шаруашылық жүргізу құқығы. Заңнама мазмұны және оны жүзеге асыру шектері. Шаруашылық жүргізу құқығын тоқтату. Жедел басқару құқығы. Жедел басқару құқығының мазмұны. Мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың жедел басқаруындағы мүлікке қатысты меншік иесінің өкілеттіктері.

21. Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау.

Меншік құқығын және басқа да заттық құқықтарды қорғаудың азаматтық-құқықтық әдістерінің түсінігі мен жүйесі. Меншік құқығын қорғаудың заттық-құқықтық тәсілдері. Меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды қорғаудың міндеттемелік - құқықтық тәсілдері.

22. Міндеттеме түсінігі және тараптары.

Міндеттеме құқығының түсінігі және жүйесі. Міндеттеме түсінігі, оның басқа мүліктік құқықтық қатынастардан айырмашылығы. Міндеттемелердің пайда болу негіздері. Шарттық және шарттан тыс міндеттемелер. «Міндеттеме», «мәміле», «шарт» ұғымдарының өзара байланысы. Міндеттемедегі тұлғалардың көптігі. Ортақ, қосалқы және субсидиарлық міндеттемелер. Үшінші тұлғалардың қатысуымен болатын міндеттемелер. Регрестік міндеттемелер. Үшінші тұлғалардың пайдасына жасалатын міндеттемелер. Міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы.

23. Міндеттемені орындау

Міндеттемені орындау түсінігі. Міндеттемені тиісінше орындау түсінігі мен мәні. Міндеттемелерді орындау қағидалары. Міндеттемелерді орындау мерзімдері. Міндеттемені мерзімінен бұрын орындау. Міндеттемені мерзімінде орындамаудың салдары. Міндеттеме орындалатын жер.

24. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету.

Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері. Айып төлеу. Кепіл. Кепіл нысаны оны сақтамаудың салдары. Кепіл міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету

тәсілі ретінде. Кепіл түрлері. Ипотеканың құқықтық ерекшеліктері. Кепілдің пәні. Кепіл міндеттемесінің тараптары, олардың құқықтары мен міндеттері. Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың салдары. Кепілге салынған нәрседен ақы өндіріп алу тәртібі. Кепілдік және кепіл болушылық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері ретінде. Кепілдік пен кепіл болушылықтың айырмашылығы.

25. Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауаптылық.

Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауаптылық түсінігі. Міндеттемені бұзғаны үшін жауаптылық нысандары. Міндеттемені бұзғаны үшін жауаптылық түрлері. Міндеттемені бұзғаны үшін жауаптылық шарттары. Міндеттемені бұзғаны үшін жауаптылықтан босату негіздері.

26. Міндеттемені тоқтату.

Міндеттемені тоқтату түсінігі және міндеттемені тоқтату негіздері. Міндеттемелерді тоқтатудың басқа да әдістері.

27. Міндеттемелерді бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік.

Құқық бұзушыға азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің, санкциялардың және жедел ықпал ету шараларының арақатынасы. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік нысандары. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түрлері: шарттық және шарттан тыс, үлестік және бірлескен, негізгі және қосалқы, толық және шектеулі, аралас жауапкершілік, регрестік жауапкершілік. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің шарттары (негіздері).

Азаматтық құқықтағы кінәнің ерекшеліктері. Кінәсына қарамастан жауапкершілік негіздері.

28. Шарттың ұғымы және оның ережелері

Шарт ұғымы. Шарттың мазмұны мен нысаны. Шарттардың түрлері.

29. Шарт жасасу, өзгерту және бұзу.

Шартты жасасу. Шартты өзгерту және бұзу.

30. Азаматтық құқық бұзушылықтың түсінігі және құрамы.

Азаматтық құқық бұзушылықтардың түсінігі және құрамы. Моральдық зиянды өтеу ерекшеліктері.

2 БЛОК. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ (ЕРЕКШЕ БӨЛІМ)

1. Сатып алу-сату шартының түсінігі. Кепілдік мерзімі және оны есептеу тәртібі.

Сатып алу шартының түсінігі. Сатып алу-сату шартының мазмұны. Сатып алу-сату шартының жекелеген түрлері (тауар жеткізілімі, келісім-шарт жасау, кәсіпорынды сатып алу-сату, бөлшектеп сатып алу-сату, энергиямен жабдықтау) Сатып алу-сату шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері. Мүлікті беру кезіндегі сапасы, саны, мерзімі бойынша шарт талаптарын бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі. Тауар сапасын тексеру. Тауарлардың түр – түрі. Тауарды буып – түйю. Тауарлар жиынтығы.

Тауардың жарамдылық мерзімі. Тауардың жарамдылық мерзімін есептеу. Тауар сапасына кепілдік беру. Тиісті сапасы жоқ тауар берудің зардаптары. Сатылған тауардың сапасына талап қоюдың ескіру мерзімі. Ұйымдардың талап арыз беру тәртібі. Сатылған тауардың сапасы туралы дауды қарау кезінде дәлелдеу ауыртпалығын бөлу. Тауарға ақы төлеу. Сатушының тауарға меншік құқығының сақталуы. Тауардың кездейсоқ жойылу және бүліну қаупінің сатып алушыға ауысуы.

2. Бөлшектеп сатып алу - сату шарты

Бөлшектеп сатып алу-сату шарты және оны құқықтық реттеу ерекшеліктері. Бөлшектеп сатып алу-сату шартының элементтері. Тауардың сапасы. Тауардың жарамдылық мерзімі.

3. Тауар жеткізілімі шарты.

Тауар жеткізілімі шартының түсінігі және оны құқықтық реттеу ерекшеліктері. Тауар жеткізілімі шартының элементтері. Тауарларды жеткізу тәртібі. Тауарларды жеткізу мерзімдері.

4. Айырбас шарты

Айырбас шартының түсінігі. Айырбас шартының мазмұны. Айырбас шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері.

5. Сыйға тарту шарты

Сыйға тарту шартының түсінігі мен мәні. Сыйға тарту шартының жалпы сипаттамасы. Сыйға тарту шартының элементтері. Сыйға тарту шартының нысаны. Қайырмалдық.

6. Рента.

Рента шарты. Рента шартының элементтері. Тұрақты рента. Ғұмырлық рента. Өмірбойы асырауда ұстау.

7. Мүліктік жалдау (жалға алу)

Мүліктік жалдау (жалға алу) шартының түсінігі. Мүліктік жалдау (жалға алу) шартының нысаны. Мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері. Мүліктік жалдау (жалға алу) шартының элементтері.

8. Мүліктік жалдау (жалдау) шартының түрлері.

Мүліктік жалдау (жалға алу) шартының түрлері. Жалға алу. Ғимаратты немесе құрылысты жалға беру шарты. Тұрғын үйді жалға алу шарты. Кәсіпорынның мүліктік кешен ретіндегі құқықтық сипаттамасы.

9. Лизинг шарты.

Лизинг шартының құқықтық табиғаты. Лизинг шартының пәні. Лизинг шартының негізгі шарттары. Лизинг шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері.

10. Несие шарты

Несие шартының түсінігі. Несие шартының мазмұны.

11. Мердігерлік шарты. Мердігерлік шартының түрлері.

Шарттың жалпы сипаттамасы. Шарт бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері. Шартты жасау және орындау тәртібі. Шартты орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі.

Құрылыс мердігерлік шарты. Тұрмыстық мердігерлік шартының ерекшеліктері. Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік шарты. Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шарттың ерекшеліктері.

12. Тасымалдау

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік түрлері. Тасымалдау шартының элементтері. Тасымалдау түрлері және олардың құқықтық реттелуі. Жүктерді тасымалдау шартының элементтері. Жүктерді тасымалдау шартының ерекшеліктері. Жолаушыларды тасымалдау шартының элементтері. Жолаушыларды тасымалдау шартының ерекше белгілері.

13. Көлік экспедициясы.

Көліктік экспедиция шарты, түсінігі және айрықша белгілері. Кеме жалдау (чартер) шарты.

14. Заем шарты.

Заем шартының түсінігі. Заем шартының нысаны. Заем шартын жасау. Заем шарты бойынша сыйақы. Заем нысанасын беру. Нысаналы несие. Заем шартын даулау. Мемлекеттік заем шарты. Банктік заем шарты.

15. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг)

Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шартының түсінігі. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шартының нысаны. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шартының элементтері. Қаржыландыруды алу мақсатындағы

берілген ақшалай талап. Клиенттің қаржы агентінің алдындағы жауапкершілігі. Бoryшқордың қарсы талаптары.

16. Банктік қызмет көрсету.

Банктік қызмет көрсету шартының түсінігі. Банктік қызмет көрсету шартының түрлері. Банктік қызмет көрсету шартының ерекше талаптары. Банктік қызмет көрсету шарты бойынша тараптардың жауапкершілігі.

17. Есеп айырысу қатынастары.

Есептеу әдістерінің түрлері мен сипаттамалары.

18. Сақтау шарты.

Сақтау шартының түсінігі және нысаны. Затты сақтауға қабылдау міндеттемесі. Сақтау мерзімі. Сақтаушының жауаптылық мөлшері.

19. Сақтандыру.

Сақтандыру шартының түсінігі. Сақтандыру шартының элементтері. Сақтандыру шартының негізгі шарттары. Сақтандыру түрлері. Сақтандыру жағдайы.

20. Тапсырма шарты.

Тапсырма шартының түсінігі және мазмұны. Тапсырма шартының тараптары. Қайта сену. Тапсырма шартын бұзу. Комиссия шартындағы мирасқорлық

21. Басқаның мүддесіне тапсырмасыз іс-әрекет жасау.

Басқаның мүддесіне тапсырмасыз іс-әрекет жасау түсінігі мен мазмұны.

22. Комиссия шарты.

Комиссия шартының мазмұны және ресімделуі. Комиссия шартының элементтері. Комиссиялық сыйақы. Комиссияның орындалуы. Ішкі комиссия. Комиссия шартын бұзу. Комиссия шартындағы мирасқорлық.

23. Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг)

Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының түсінігі. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының нысаны. Лицензиардың міндеттері. Лицензиаттың міндеттері. Кешенді кәсіпкерлік сублицензия. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын бұзу. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартындағы құқық мирасқорлық.

24. Конкурстық міндеттемелер.

Конкурстық міндеттемелердің түрлері мен мазмұны.

25. Зиян келтіруден туындайтын міндеттер.

Келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің жалпы негіздері. Зиянның алдын алу. Қажетті қорғаныс жағдайында зиян келтіру. Төтенше жағдайда зиян келтіру. Он төрт жасқа толмаған кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілік. Мүліктік зиянды өтеу әдістері.

26. Моральдық зиянды өтеу

Моральдық зиянды өтеу тәртібі. Моральдық зиянды өтеу мөлшері.

Моральдық зиянды өтеу

27. Негізсіз баюға байланысты міндеттемелер.

Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелердің түсінігі мен мазмұны.

28. Зияткерлік меншік құқығы.

Зияткерлік меншік құқығының объектілері. Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың пайда болу негіздері. Зияткерлік меншік объектілеріне жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар. Зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтар. Лицензиялық келісім. Айрықша құқықтардың қолданылу мерзімі. Айрықша құқықтарды қорғау тәсілдері.

29. Авторлық құқық.

Авторлық құқықпен қорғалатын туындылар (авторлық құқық объектілері). Авторлық құқық объектілерінің түрлері. Авторлық құқық қатынастарын құқықтық реттеу. Авторлық құқық объектісі болып табылмайтын туындылар. Авторлық құқық белгісі. Авторлық құқықтың қолданылу мерзімі.

30. Мұрагерлік құқық.

Мұрагерлік. Мұрагерлік негіздері. Мұраның құрамы. Мұраны ашу. Мұраның ашылу орны. Мұрагерлер. Мұрадан лайықсыз мұрагерлерді шеттету. Өсиет бойынша мұрагерлік. Заң бойынша мұрагерлік. Мұраны қабылдау.

3 БЛОК. АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ

1. Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының ұғымы, жүйесі мен әдісі

Азаматтық іс жүргізу құқығының ұғымы. Азаматтық іс жүргізу құқығының жүйесі: жалпы және ерекше бөлімдер. Азаматтық іс жүргізу құқығының әдісі. Императивтік әдіс. Диспозитивтік рұқсат ету әдісі.

2. Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері. Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамасы. Азаматтық сот ісін жүргізуде басым күші бар құқықтық нормаларды қолдану. Азаматтық процестік заңның уақыт тұрғысынан қолданылуы.

3. Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары

Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларының ұғымы және мәні. Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларының жүйесі. Азаматтық іс жүргізудегі ұйымдастырушылық-функционалдық қағидалар. Азаматтық іс жүргізудегі функционалдық қағидалар. Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларын жіктеу. Жалпы құқықтық қағидалар. Салааралық қағидалар. Салалық қағидалар.

4. Азаматтық сот ісін жүргізу түрлері. Азаматтық іс жүргізудің сатылары.

Азаматтық сот ісін жүргізу түсінігі және оның міндеттері. Азаматтық процестің кезеңдері. Азаматтық сот ісін жүргізудің саралануы және түрлері. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізудің жалпы сипаттамасы. Бұйрық арқылы іс жүргізу. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу. Азаматтық істі қозғау тәртібі. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындаудың мақсаты мен міндеттері. Шешім шығару.

5. Азаматтық істердің соттарға ведомстволығы және соттылығы.

Ведомстволық ұғымы. Ведомстволықтың түрлері. Сот ведомстволығының басымдығы. Ерекше іс жүргізу бойынша азаматтық істердің соттылығы. Өзара байланысты бірнеше азаматтық істердің соттылығы. Ведомстволық туралы заңнаманың даму тенденциясы. Соттылық ұғымы. Соттылықтың ведомстволықтан айырмашылығы. Соттылықтың түрлері. Тектік соттылық. Аумақтық соттылық және оның түрлері. Азаматтық істердің мамандандырылған соттардың соттылығына жатқызылуы. Шарттық соттылық. Істі бір соттың іс жүргізуінен алып, басқа сотқа беру. Соттылық туралы ереженің сақталмауының салдары.

6. Процестік мерзімдер.

Процестік мерзімдер ұғымы және олардың маңызы. Процестік мерзімдердің түрлері. Процестік мерзімдерді есептеу. Процестік мерзімді өткізіп алудың салдарлары. Процестік мерзімді тоқтата тұру. Процестік мерзімдерді ұзарту және қалпына келтіру тәртібі.

7. Азаматтық іс жүргізудегі сот шығыстары.

Азаматтық іс жүргізудегі сот шығыстарының түсінігі мен құрамы. Мемлекеттік баж. Талап қою бағасы. Мемлекеттік бажды қосымша төлеу. Мемлекеттік баж төлеуден босату. Мемлекеттік баж төлеуді кейінге қалдыру. Мемлекеттік бажды қайтару. Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар. Сот шығыстарын тараптардың арасында бөлу. Сарапшыларға, мамандарға, куәларға, аудармашыларға төленуге тиісті сомалар. Куәларға, сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға сомаларды төлеу. Тегін заң көмегін көрсету. Өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеу. Уақыт ысырабынан келтірілген залалдарды өндіріп алу. Талап қоюдан бас тарту, татуласу келісімі немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, дауды

партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім, арызды қараусыз қалдыру кезінде сот шығыстарын бөлу. Тараптарға сот шығыстарын өтеу. Мемлекетке сот шығыстарын өтеу.

8. Соттың құрамы, қарсылық білдірулер.

Бірінші сатыдағы соттың құрамы. Азаматтық істерді апелляциялық және кассациялық сатыда қарау кезіндегі соттың құрамы. Соттың алқалы құрамымен азаматтық істерді қарау тәртібі. Судьяның істі мәні бойынша қарап, шешуге қайта қатысуына жол берілмейтіндігі. Судьяға қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) үшін негіздер. Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арыз. Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арызды қарау тәртібі. Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арызды қанағаттандырудың салдарлары.

9. Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауаптылық шаралары.

Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауаптылық шаралары. Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауапқа тарту тәртібі.

10. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының ұғымы және оның ерекшеліктері. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының туындау негіздері

Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының ұғымы және белгілері. Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының пайда болуының алғы шарттары. Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының пайда болуы, өзгертілуі, тоқтатылуы. Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының субъектілері мен объектілері.

11. Азаматтық процестік құқық қабілеттілік және азаматтық процестік әрекет қабілеттілік.

Азаматтық процестік құқық қабілеттілік. Азаматтық процестік әрекет қабілеттілік.

Он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың азаматтық процестік әрекет қабілеттілігі. Әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерінің сотта қорғалуы. Он төрт жасқа толмаған кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта олардың заңды өкілдері немесе прокурордың қорғауы. Заңда көзделген негіздер бойынша эмансипацияланған кәмелетке толмағандар эмансипация кезінен бастап толық процестік қабілеттілікке ие болуы.

12. Татуластыру рәсімдері.

Тараптардың татуласуы. Татуласу келісімін жасау. Татуласу келісімінің нысаны мен мазмұны. Соттың татуласу келісімін бекітуі. Татуласу келісімін орындау. Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу. Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім және оны орындау. Дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу. Дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім және оны орындау.

13. Төрелік шешімді орындау.

Төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату. Атқару парағын беру. Атқару парағын беруден бас тарту.

14. Азаматтық іс бойынша іске қатысатын адамдар. Іске қатысатын адамдардың құқықтары мен міндеттері.

Іске қатысатын адамдардың құрамы. Іске қатысатын адамдардың құқықтары мен міндеттері. Тараптар. Талап қоюдың негізін немесе нысанасын өзгерту, талап қоюдан бас тарту, талап қоюды тану, татуласу келісімі, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім немесе дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім. Бірнеше талап қоюшының немесе бірнеше жауапкердің іске қатысуы. Тиісті емес жауапкерді ауыстыру. Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар. Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар. Прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы. Басқа тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін сотқа жүгіну. Мемлекеттік органдар

мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының іс бойынша қорытынды беру үшін процеске қатысуы. Істі қарауға қатысатын өзге адамдар. Консультант. Сот отырысының хатшысы. Сот приставы. Аудармашы.

15. Сот ұйғарымы.

Сот ұйғарымының ұғымы және оны шығару тәртібі. Ұйғарымның мазмұны. Соттың жеке ұйғарымы. Іске қатысатын адамдарға сот ұйғарымының көшірмелерін салып жіберу.

16. Процестік құқық мирасқорлығы

Процестік құқық мирасқорлығының ұғымы және негіздері. Кассациялық сатыдағы процестік құқық мирасқорлығының құқықтық жағдайы.

17. Прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы

Прокурордың азаматтық іс жүргізуге қатысу негіздері мен нысандары. Азаматтық іс жүргізудегі прокурордың процессуалдық жағдайы

18. Сотта өкілдік ету

Сотта өкілдік етудің ұғымы. Сотта істі өкілдер арқылы жүргізу. Тапсырма бойынша өкілдік ету. Сотта өкіл бола алмайтын тұлғалар. Өкілдің өкілеттіктері. Өкілдің өкілеттіктерін рәсімдеу. Заңды өкілдер.

19. Талап қою

Талап қою арызының нысаны мен мазмұны. Талап қою арызына қоса берілетін құжаттар. Талап қою арызын қабылдау. Талап қою арызын қабылдаудан бас тарту. Талап қою арызын қайтару. Қарсы талап қою. Қарсы талап қоюды қабылдау шарттары.

20. Талап қоюды қамтамасыз ету.

Талап қоюды қамтамасыз ету үшін негіздер. Талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар. Талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды қарау. Талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарымды орындау. Талап қоюды қамтамасыз ету шарасын ауыстыру. Талап қоюды қамтамасыз ету шарасының күшін жою. Талап қоюды қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұйғарымдарға шағым жасау, прокурордың өтінішхат келтіруі. Жауапкерге талап қоюды қамтамасыз етумен келтірілген залалдарды өтеу.

21. Істі сот талқылауына дайындау.

Істі сот талқылауына дайындаудың міндеттері. Істі сот талқылауына дайындаудың мерзімдері. Судьяның істі сот талқылауына дайындау жөніндегі әрекеттері. Талап қоюға пікір. Бірнеше талап қою талаптарын біріктіру және ажырату. Істі сот талқылауына дайындаған кезде іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру, тоқтату және арызды қараусыз қалдыру. Талап қоюдың нысанасын немесе негізін өзгерту, талап қою талаптарын ұлғайту немесе азайту. Талап қоюшының талап қоюдан бас тартуы. Жауапкердің талап қоюды мойындауы. Алдын ала сот отырысы. Істі сот талқылауына тағайындау.

22. Сот талқылауы.

Бірінші сатыдағы соттың азаматтық істерді қарау және шешу мерзімдері. Сот отырысы. Сот отырысында төрағалық етуші. Сот талқылауының тікелей және ауызша болуы. Сот отырысындағы тәртіп. Сот отырысында техникалық құралдарды пайдалану. Сот отырысындағы тәртіпті бұзушыларға қолданылатын шаралар. Сот отырысын ашу. Процеске қатысушылардың келуін тексеру. Аудармашыға оның міндеттерін түсіндіру. Куәларды сот отырысы залынан шығарып жіберу. Сот құрамын жария ету және қарсылық білдіру құқығын түсіндіру. Іске қатысатын тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Соттың іске қатысатын тұлғалардың өтінішхаттарын шешуі. Іске қатысатын тұлғалардың және өкілдердің сот отырысына келмеуінің салдары. Сот отырысына куәның, сарапшының, маманның, аудармашының келмеуінің салдары. Істі талқылауды кейінге қалдыру, сот отырысындағы үзіліс. Істі талқылау кейінге қалдырылған кезде куәлардан жауап алу. Сарапшы мен маманға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Істі мәні бойынша қараудың басталуы. Іске қатысатын

тұлғалардың түсініктемелері және дәлелдемелерді зерттеу тәртібін белгілеу. Куәдан жауап алу тәртібі. Куәның жазбаша материалдарды пайдалануы. Кәмелетке толмаған куәдан жауап алу. Куәның айғақтарын жария ету. Құжаттарды зерттеу. Азаматтардың жеке хат жазысуын және телеграфтық хабарларын жария ету және зерттеу. Заттай дәлелдемелерді зерттеу. Орнында қарап-тексеру. Сарапшының қорытындысын зерттеу. Маманның консультациясы (түсіндірмесі). Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қорытындылары. Істі мәні бойынша қараудың аяқталуы. Сот жарыссөздері. Репликалар. Прокурордың қорытындысы. Соттың шешім шығару үшін шығып кетуі. Шешімді жария ету.

23. Соттық дәлелдеу

Соттық дәлелдеудің ұғымы және міндеттері. Дәлелдеу пәнінің ұғымы. Дәлелдеу құралы. Дәлелдеу құралдары. Дәлелдеуден босатудың негіздері. Тараптар арасында дәлелдеу міндеттерін бөлу.

24. Соттық дәлелдемелер

Соттық дәлелдемелердің ұғымы және жіктелуі. Алғашқы дәлелдемелер. Туынды дәлелдемелер. Тікелей және жанама дәлелдемелер. Дәлелдемелердің қатыстылығы және жарамдылығы. Дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін мәліметтер. Дәлелдемелердің анықтығы және жеткіліктігі. Дәлелдемелерді бағалау. Дәлелдемелерді қамтамасыз ету. Дәлелдемелерді қамтамасыз ету тәртібі.

25. Сот тапсырмалары

Сот тапсырмаларының ұғымы. Сот тапсырмасын беру мен орындаудың процессуалдық тәртібі. Сот тапсырмасын беру мен орындаудың процессуалдық тәртібі.

26. Куәнің айғақтары.

Куәнің құқықтары мен міндеттері. Куәлардан айғақтар алудың процессуалдық тәртібі. Куә ретінде бола алмайтын тұлғалар

27. Жазбаша дәлелдемелер

Жазбаша дәлелдемелер және оны бағалау. Жазбаша дәлелдемелердің белгілері. Жазбаша дәлелдемелердің түрлері (мазмұны бойынша, субъектілері бойынша, құрылу сипаты бойынша). Жазбаша дәлелдемелерді қайтару.

28. Заттай дәлелдемелер.

Заттай дәлелдемелер және оны бағалау. Заттық дәлелдемелердің жазбаша дәлелдемелерден айырмашылығы. Заттай дәлелдемелерді сақтау және қарап-тексеру. Тез бүлінетін заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру. Заттай дәлелдемелерге билік ету.

29. Сот актілеріне апелляциялық шағым жасау, прокурордың өтінішхаттар келтіруі

Сот шешімдеріне апелляциялық шағым жасау, прокурорлардың өтінішхаттар келтіру құқығы. Апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын қарайтын соттар. Апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын беру тәртібі мен мерзімдері. Апелляциялық шағымның, прокурор өтінішхатының мазмұны. Бірінші сатыдағы сот судьясының апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын алғаннан кейінгі әрекеттері. Апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын қозғаусыз қалдыру. Апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын қайтару. Апелляциялық шағымға, прокурордың өтінішхатына пікір. Апелляциялық шағымнан, прокурордың өтінішхатынан бас тарту және оларды кері қайтарып алу. Тараптардың дауды апелляциялық сатыдағы сотта ерікті түрде реттеуі. Шешімнің орындалуын тоқтата тұру. Апелляциялық қараудың нысанасы. Апелляциялық қараудың шектері. Істі апелляциялық сатыдағы сотта қарауға дайындау. Апелляциялық сатыдағы соттың істі қарау мерзімі. Апелляциялық сатыдағы сотта іс жүргізу. Істі талқылаудың басталуы. Іске қатысатын адамдардың сот отырысына келмеуінің салдарлары. Соттың іске қатысатын адамдардың арыздары мен өтінішхаттарын шешуі. Дәлелдемелерді зерттеу. Сот жарыссөздері. Сот отырысының хаттамасы. Сот актісін шығару және оны жариялау. Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттіктері. Апелляциялық сатыдағы соттың актілері.

Апелляциялық қаулының мазмұны. Апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жою не оны өзгерту негіздері. Апелляциялық сатыдағы соттың жеке ұйғарымы. Апелляциялық сатыдағы соттың сот актілерінің заңды күші.

30. Кассациялық сатыдағы сотта іс жүргізу

Кассациялық тәртіппен қайта қарауға жататын сот актілері. Заңды күшіне енген сот актілеріне өтінішхат беруге, ұсыным енгізуге, наразылық келтіруге құқығы бар тұлғалар. Заңды күшіне енген сот актілеріне дау айту, наразылық келтіру мерзімдері. Істерді кассациялық тәртіппен қарайтын соттар. Наразылық келтіру. Наразылықтың мазмұны. Сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы және кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхаттың мазмұны. Өтінішхатты немесе прокурордың наразылығын қайтару. Кассациялық сатыдағы соттың сот отырысын тағайындау. Сот актісін қайта қарау туралы өтінішхатқа, ұсынымға немесе наразылыққа пікір. Татуласу келісімі, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім және дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім. Сот актісінің орындалуын тоқтата тұру. Істі кассациялық тәртіппен қарау нысанасы және шектері. Істі кассациялық сатыдағы соттың қарау тәртібі. Кассациялық сатыдағы соттың өкілеттіктері. Кассациялық сатыдағы сот қаулысының мазмұны. Кассациялық сатыдағы сот қаулысының заңды күшіне енуі.

КЕШЕНДІ ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ:

1 БЛОК. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ (ЖАЛПЫ БӨЛІМ)

1. Азаматтық құқықтың ұғымы, пәні және азаматтық-құқықтық реттеудің әдісі.
2. Халықаралық шарттар және Қазақстанның азаматтық заңнамасы.
3. Азаматтық-құқықтық қатынастардың элементтері: субъектілері, мазмұны және объектілері.
4. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының қайнар көздері. Азаматтық құқықтың қағидалары.
5. Азаматтық құқықтық - қатынастардың түсінігі, түрлері және ерекшеліктері.
6. Азаматтық құқықтағы жеке тұлғалар түсінігі. «Азаматтар» және «жеке тұлғалар» ұғымдарының арақатынасы.
7. Азаматтардың әрекет қабілеттілігі мен құқық қабілеттілігінің мазмұны. Азаматты әрекетке қабілетсіз деп тану және әрекет қабілеттілігін шектеу.
8. Заңды тұлғаларды қайта құру тәртібі. Заңды тұлғаны қайта құру: біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу.
9. Заңды тұлғалардың түсінігі және ерекшеліктері. Олардың азаматтық айналымдағы рөлі.
10. Коммерциялық және коммерциялық емес заңды тұлғалардың түрлері мен нысандары, ерекшеліктері.
11. Шаруашылық серіктестіктердің заңды тұлға ретіндегі құқықтық жағдайы.
12. Заттар азаматтық құқық объектілері ретінде. Заттардың азаматтық құқық объектілері ретіндегі жіктелуі.
13. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігі. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың (жас балалардың) әрекет қабілеттілігі. Кәмелетке толмаған адамды толық әрекетке қабілетті деп тану (эмансипация).
14. Меншік құқығының түсінігі және мазмұны. Меншік құқығының шексіздігі. Сервитуттар.
15. Заңды тұлғалардың құрылуы. Заңды тұлғаларды құрудың нормативтік, рұқсат етуші және өкімдік әдістері. Заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары.
16. Өкілдіктің ұғымы, оның пайда болу негіздері мен түрлері. Сенімхат.
17. Мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөліністердің азаматтық құқық субъектілері ретіндегі ерекшеліктері. Мемлекеттің азаматтық айналымға қатысу нысандары.
18. Азаматтық құқық объектілерінің түсінігі және түрлері. Азаматтық құқық объектілерінің айналым қабілеттілігі.
19. Азаматтық құқықтағы мәмілелердің түсінігі және түрлері. Мәмілені жарамсыз деп тану негіздері.
20. Мүлікті ұлттандыру, реквизициялау, тәркілеу, олардың құқықтық ерекшеліктері.
21. Азаматтық құқықтағы мерзімдердің түсінігі және түрлері. Талап қою мерзімінің өтуі.
22. Заттық құқық азаматтық құқықтың бір саласы ретінде. Заттық құқықтың түсінігі және мазмұны. Заттық және міндеттемелік құқықтардың салыстырмалы сипаттамасы.
23. Меншік құқығының пайда болуының негізгі тәсілдері. Меншік құқығын тоқтату негіздері.
